

**Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік
Университеті**

СӨЖ

**Тақырыбы: Дені сау және ауру балалардың күн
тәртібі және тамақтануды ұйымдастыру.**

Қабылдаған: Алиманова М.Ұ.

Орындаған: Әбдіхалық Ж

Тобы: ЖМ- 413



Зерттеу сұрағы:

Дені сау бала мен ауру балалардың тамақтану ерекшеліктері қандай?

Балаларға қарау айырмашылығы қандай?

Зерттеу мақсаты:

Нәрестелердің тамақтануы және олардың күтімі туралы студенттер арасында пікір қалыптастыру.

- **Дені сау нәресте** - ол туғаннан кейін медициналық жәрдемді керек етпейтін және тіршілігін жақсы сақтайтын бала және оның бейімделу процесі бұзылмаған, оған кіреді:
- - өзі тыныс алу;
- - қан айналу жүйесіндегі өзгерістер (овалды тесік пен артериалдық жолдың жабылуы, кіші қан айналу шеңберінің ашылуы);
- - терморегуляцияның тұрақтануы;
- - емшекпен тамақтандырудың ерте басталуы;
- - қоршаған ортамен жанасу;
- - отбасымен психо-эмоционалды байланысты қалыптастыру.



Бөлмені дайындау

Баланың туылуы келесі критерилерге сәйкес бөлмеде өтуі қажет: жеке, таза, жылы (ауа температурасы 25-27°C болу қажет), желсіз, жарық, жағдай «үйдегідей» болу қажет, жағдай отбысына бейімделу қажет, босану кезінде позицияны таңдау үшін жарықтың болуы, үйретілген персоналдың болуы (маңызды фигура - акушерка).

Нәрестеге өз бетінше еметіндей мүмкіндік жасау (15-20 минут ішінде бала өзі анасынан емуге талаптанады) ана төсіне еметіндей дұрыс жатуына көмектесу. Анасында, баласында жылы көрпемен жауып, емуіне кедергі жасамау керек. Әр 30 минутта туғаннан соң дене температурасын электронды термометрмен өлшеу (баланы ашқанда, емшек еміп, анасымен бірге жатқан кезін бұзбау).

Жаңа туған баланы алғашқы рет өңдеу. Бұрынғы әдет бойынша әр-бір 120 минутта бала қанып емген соң ұйықтайды. Осы уақытта өлшеуге болады және алғашқы өңдеу жұмыстарын жүргізеді, алдын ала үстелге жайылған жайалықтарға, сәулені жылу көзі бар жерге орналастырылады.

Кіндік күтімі:

1. Кіндігін алғашқы лүпілі тоқтаған бетте (1 мин. ішінде) кеседі.
- 2. Өте ыңғайлы, кіндікті сенімді әдіспен резинамен байлайды.
3. Қысқышпен қысылған және байланған кіндікті резиналы қысқыш көмегімен тартады.
4. Пластикалық қысқыш – қымбат бейімдеушілік, оны қайта қолдануға болмайды.
- 5. Кіндік түбін таза және құрғақ ұстау керек, оны ештемемен жауып, үстіне ештеңе салмақтамайды.
- 6. Антисептикалық дәрілік заттармен кіндікті күнделікті өңдемейді.
- 7. Кіндік түбін кір болудан, сідік тамудан сақтау және таза киіммен қамтамасыз ету, осы ереже перезентханада да, үйде де сақталуы керек.





□ Профилактикалық емшаралар

1. Алғашқы мерзімдерде қан ағудың алдын алу керек және геморрагиялық аурулардың өршіп кетуі үшін - тері-ет астына 1 мг немесе 2 мг бірінші күні аузынан витамин К1 және туғаннан соң 7 күнде сол дозада қайталау, егер витамин К жоқ болса, К витаминін тері-ет арасына қалыпты туғанға - 5 мг, шала туғанға - 2-3 мг.
2. Конъюктивиттің алдын алуда 1% күмісті натрий, бірдей тиімді ретінде 1% тетрациклинді және 0,5% эритромицин жақпа майды пайдаланады. Нитратты күмістің кемістігі кейде көзде химиялық конъютивит тудырады.
3. Одан құтылу үшін 1% тетрациклинді жақпай ұсынылады, үйткені зиянсыз тиімді және арзан.
4. БҚЖ-ға егу перзентханадан үйге шыққанда барлық жаңа туған балаларға жүргізіледі, тек қана ВИЧ симптомына қарама қайшы.

Жаялықтау

Тығыз жаялықтау бірнеше себептермен қолданылмайды:

1. Өкпе желдетуін қиындату, диафрагманың (көк ет) қозғалмасын шектейді.
2. Дененің әр бөлігіне қан ағысын төмендетеді.
3. Бала денесімен жаялық арасында жұқа қабат қатпар болса ол жылуды ұстамайды.
4. Аяқ-қол қозғалысын шектеу ет-нерв үйлесімділігінің дамуына кедергі болады.
5. Басын қатты таңу баланың емуіне кедергі, өйткені аузын көбірек ашып төске дұрыс жақындауын қиындатады.
6. Баланы бөлесе көбірек ұйықтайды және төсті көп іздемейді.

Мақталы киімдер балаға бостандықты көбірек береді немесе жайлық көбінде төменгі жағын жауып, жоғарғы жағы киіндірулі керек – ол жеңіл жылы болуы бас қолы бос еркін қозғалуы керек.



Баланы шомылдыру

Баланың сыртқы денесі кір тоңғақты болса онда әр 2-6 сағатта мынандай жағдайда шомылдырады:

- бөлменің ауа температурасы 27С төмен емес;
- ваннада су температурасы 37,5 С;
- шомылдырған соң жылы құрғақ сүлгімен орап, мұқият кептіріп басынан аяғына дейін сүрту;
- тезірек баланы жаялықтап, басына бас киімін кигізу;
- баланы ана төсіне апарып жатқызу;
- ал жаялықтарын ауыстырғанда бала денесі суымау керек, барлық іс-әрекеттер жылдам болуы керек.





neo club

Дені сау балаларды дұрыс тамақтандыру

6 айға дейін баланы тамақтандыру

Баланы жылаған сайын (күні-түні) тәулігіне ең кем дегенде 8 рет емізіңіз

Басқа тағам, соның ішінде сұйық тамақтар: шырын, су, шай, жасанды қоспалар, сүт, ботқаларды (каша) бермеңіз!

Балада аштық белгілері білінсе: бала қозғалып, саусағын сорып, ернін жыбырлата бастағанда емізу керек. Баланың жылағанын күтпей емізіңіз.

Ойнату: Баланы дүниге келген сәттен бастап есту, көру, сезіну, қабілетін дамытып, үнемі қозғалыста болуын қадағалаңыз, ойнауға естуге, көруге баланы қызықтыратын түсті жылтырақ, көлемді заттар, бұрын көрмеген жаңа ойыншықтарды беріңіз. ЕСКЕРТУ: ойыншықтар балаға зиянсыз болуы керек.

Көңіл бөліп сөйлеу: балаға қарап, күліп, сөйлеу керек. Әсіресе баланы емізіп отырғанда. Балаңыз өскен сайын, оған көбірек сөйлеп, әртүрлі дыбыстар шығарып, қимылдар жасаңыз.

6 айдан 12 айға дейінгі баланы тамақтандыру


- Бала жылаған сайын тәулігіне кем дегенде 6 рет емізіңіз. Осы уақыттан бастап, емізгенге дейін қосымша тамақ беруді бастаңыз.
 - Мынандай қосымша тамақтарды беруге болады: күріштің қою ботқасы, ұнтақ немесе жарма қарамық ботқасы, нан картоп пюресін, суға пісірілген, ұсақтап туралған немесе тартылған майсыз ет, әсіресе бауыр, балық, жұмыртқа, бұршақ (қабықсыз, езіп піскен).
 - Түрлі жеміс жидектер, көкөністер, жақсылап тазаланған, ұнтақталған жаңғақ.
 - Тамаққа бір шай қасық сары май немесе өсімдік майын қосып, қоюлау қылып беріңіз.
- Еметін балаға күніне 3 рет тамақ беріңіз.
- Ембейтін балаға күніне 5 рет тамақ беріңіз.
 - Баланың өзі шайнап жеуі үшін тамақты кішкентай қылып қолына ұстатыңыз. Баланың өзі жеп үйренуіне дағдыландырыңыз.
- Ойнату: Бала өзі қолын ұсап, салдыратып, лақтырып ойнауы үшін үйдегі таза қауіпсіз заттарды беріңіз.
- Сөйлесу: балаңызды уілдегеніне, күлгеніне көңіл бөліп, қуанып, жауап беруге тырысыңыз. Балаға заттардың адам атын айтып түсіндіріңіз.



12 айдан 2 жасқа дейінгі бала

- Баланы емізуді жалғастыра беріңіз.
- Балаға өздеріңіз ішетін тағамдардан беріңіз, оның ішінде: Ұсақтап туралған немесе тартылған (майсыз) ет, бауыр, балық, піскен жұмыртқа, бұршақ;
- Түрлі жеміз жидектер, көкөніс, жаңғақ;
- Сүт және сүт тағамдары (ірімшік, айран, сүзбе, сыр);
- Балаға берілген әрбір қосымша тағамның көлемі 300 мл-ден (1,5 стакан) кем болмауы керек.
- Балаға күніне 5 рет тамақ беріңіз. 3 рет өздеріңіз ішетін тамақты, 2 рет қосымша берілетін тамақтар (жемістер, нанға май жағып, еттен жасалған бөліш, қаймақ қосқан ірімшік);
- Баланы жақсылап, көңіл бөліп, тамақтандыруға тырысыңыз.

Ойнату: баланың ойнауға алуына, жинауына, ойыншықтарды қатарластырып қоюға ыңғайлы әртүрлі көлемдегі заттар беріңіз. Сөйлесу: балаға жеңіл сұрақтар қойыңыз, сізбен сөйлескісі келген балаға барықыласыңызбен көңіл бөліп, сұрақтарына жауап беріңіз. Заттардың, адамдардың аттарын айтып үйретіңіз. Қарапайым ойындарды ойнатыңыз.



2 жас және одан асқан балаларды тамақтандыру


- Балаға өздеріңіз ішетін тамақтарды беріңіз, оның ішінде: ет, бауыр, балық, жұмыртқа және бұршақ. Әртүрлі жеміс жидектер және көкөністер.
- Балаға 3 мезгіл өздеріңіз ішетін тағамдарды беріңіз! Балаға әрбір берілген қосымша тағамның көлемі 350 мл –ден 2 рет қосымша тамақ беріңіз. Оларға: Жеміс жидектер, айран (кефир) нанмен. Еттен немесе ливерден жасалған бәліш, қаймақ қосқан құмақтар.
- Сатып алынған газы бар сулар мен шырындарды, тәттілерді (конфеттер, шоколад) беруді шектеңіз.
- Тағам түрлерін жиі өзгертіңіз, егер бұрын ішпеген тағамын ішпесе, дәмін көрсін, қайта қайта беріңіз. Тағамның тәтті екенін өзіңіз ішіп көрсетіп, қызықтырыңыз.

Ойнау: Балаңызға санауды, заттардың атын айтуды, екі затты салыстыруды үйретуге ықпал етіңіз. Ойнауға жеңіл ойындар ұйымдастырыңыз.

Сөйлесу: балаңыздың істеген ісін, сөйлеген сөзін мақтаңыз. Сұрақтарына дұрыс жауап беріңіз. Балаңыздан әңгімелер, өлең айтуға және аспаптарда ойнауға үйретіңіз.

Шала туған нәрестелердің күтімі


- Балалардың күніне жетпей тууы педиатрияның негізгі мәселелердің бірі. Біздің елде әр оныншы нәресте күніне жетпей туады. Соңғы 10-15 жыл ішінде шала туған балалардың күтімін ұйымдастыру едәуір жетіліп, жоғары сатыға көтерілді. Сондықтан, мейіркештің бұл бағытта жетіп дайындалуына көп көңіл бөлінуде. Егер нәресте құрсақта дамудың 38-40 апталық мерзімінен бұрың дүниеге келіп, салмағы 2500,0 граммнан, бойының ұзындығы 45 см-ден кем болса - бұл бала шала туған деп есептеледі.



Дене салмағының мөлшеріне байланысты шала туған балаларды 4 дәрежеге бөледі

I дәреже	2000гр-2500гр
II дәреже	1500гр-2000гр
III дәреже	1000гр-1500 гр
I V дәреже	1000 гр-нан төмен

Мерзімі	Шала туылу дәрежесі							
	IV (800-1000гр)		III (1001-1500гр)		II (1500-2000гр)		I (2000-2500гр)	
	Салмақ, гр	Бойы, см	Салмақ, гр	Бойы, см	Салмақ, гр	Бойы, см	Салмақ, гр	Бойы, см
1	180	3,9	190	3,7	190	3,8	300	3,7
2	400	3,5	650	4	700-800	3,9	800	3,6
3	600-700	2,5	600-700	4,2	700-800	3,6	700-800	3,6
4	600	3,5	600-700	3,7	600-900	3,8	700-800	3,3
5	650	3,7	750	3,6	800	3,3	700	2,3
6	750	3,7	800	2,8	700	2,3	700	2
7	500	2,5	950	3	600	2,3	700	1,6
8	500	2,5	600	1,6	700	1,8	700	1,5
9	500	4,5	650	2,1	450	1,1	700	1,5
10	450	2,5	500	1,7	400	0,8	400	1,5
11	500	2,2	300	0,6	500	0,9	400	1
12	450	1,7	350	1,2	400	1,5	350	1,2
1жас, салмақ	7080		8450		8650		9450	


- 
- Шала туған баланың барлық жүйелері мен мүшелерінің қызметтері жақсы дамып жетілмеген. Осыған байланысты шала туған баланы күтуден өз ерекшеліктері бар. Әйел уақытынан ерте босанатын болса, кувез дайындау керек. Нәрестені орайтын жөргектерді, кіндікті біріншілік және екіншілік өндеу үшін пакеттерді, нәрестенің терісін тазартуға арналған залалсыздандырылған өсімдік майды жылыту үшін кувез ішінің жылылығы 36°C -ден кем болмау жөн. Қувез ішінің жылылығы шала туғандықтың дәрежесіне байланысты белгіленеді. Мысалы, 1-1,5 кг салмағымен туған балаға арналған кувез жылылығы $34-35^{\circ}\text{C}$, 1,5-2кг салмағымен туған балаға арналған кувез жылылығы $32-34^{\circ}\text{C}$; 2,0-2,5 кг салмағымен туған балаға арналған кувез жылылығы $30-32^{\circ}\text{C}$; 2,5 және одан артық кг салмағымен туған балаға арналған кувез жылылығы $28-30^{\circ}\text{C}$ болу керек.

Шала туған баланы кувезде күту

- Орталық нерв жүйесінің дамып жетілмеуіне байланысты шала туған балалардың дене температурасын реттеу, тыныс алу, ас қорыту және иммундық жүйесінің қызметі дұрыс жетіп дамымаған.
- Жылылықты сақтау орталығының дұрыс жетілмеуіне байланысты шала туған бала тез тоңғыш және тез қызыңқырағыш болады. Шала туған баланың тоңғыш болуына тері асты майының жұқалығы, жалпы жылу бөлінудің төмендігі себеп болады. Осыны еске алып, шала туған балаға ерекше күтім жағдайын жасау керек:
- Шала туған баланың келесі ерекшелігі - тыныс алуының дамып жетілмеуі. Олар I минутта 40-80 рет дем алады, дем алуы үстірт, бір қалыпты емес, дем алуы кей кездерде тоқтап қалуы мүмкін (апноэ). Бұның себебі тыныс алу орталығының дамып жетілмегендігіне және дем алу ағзаларының анатомиялық - физиологиялық ерекшеліктеріне байланысты.
- III -IV дәрежеде туылған шала балаларда ему және жұту шартсыз рефлекстері болмайды. Бұл балаларды тамақтандыру өте қиын.







- 
- Баланы тамақтандыру әдісі шартсыз рефлексстерге байланысты:
 - а) егер шала туған балада ему және жұту шартсыз рефлексстері жоқ болса, ол баланы мұрыннан жіберілген полиэтилен зонд арқылы тамақтандырады;
 - б) егер балада ему рефлексі жоқ, бірақ жұтыну рефлексі болса - ол баланы қасық немесе тамызғыш арқылы тамақтандырады
 - Тамақтандыру жиілігі баланың салмағына, ему қабілетіне байланысты, оларды 7-12 рет тамақтандырады.
 - Аурулардан қорғау жүйесінің жетілмеуіне байланысты шала туған бала жиі ауыруға бейімді. Сондықтан, бөлімшеде оларды жеке бокстарға жатқызу керек. Бұл бөлімінің санитарлық тазалығын, барлық қызметтерінің жеке гигиенасын қатал сақтауын қадағалап отыру керек.

Шала туған баланы ана денесінің жылуымен жылыту

- Осыған байланысты сүт көлемі көбейе бастайды және анасымен нәрестенің тығыз қарым қатынасына байланысты бала дене қызуы бір қалыпты температуралық тәртіпте сақталады.
- Шала туған балаларды перзентханадан және әдейіленген бөлімшелерден шығару көріністері: нәрестенің керуетте жатқандағы дем алуының тұрақтандыруы, анасында балаға жеткілікті сүт көлемі пайда болуы, денсаулығы жақсы болуы.
- I - II дәрежедегі шала туған балалар I жасқа жеткенде даму бойынша өз құрдастарын қуып жетеді, ал III - I V дәрежедегілер - 2 жасында



22-31 аптадағы туылған нәрестелердің тірі қалу көрсеткіші




Дағдылар	Жетіліп туылған бала	Шала туылған бала
Дыбыстарға назар аударады	0,5-1	1-3
Басын устауы	2,5-3	2,5-5
Ішпен жатады	5-6	5-7
Отырады	7-8	8-11
Еңбектейді	8-9	9-12
Аяққа тұрады	9-11	10-14
Жүріп үйренеді	11-12	12-16

Сыни көзқарас

Нәрестенің кіндік күтімінің 3 түрі қолданылады


- 1) ДДҰ ұсынысы бойынша кіндікті қысқышпен қысқан соң ешқандай өңдеусіз, өздігінен түсуін күтеді.
- 2) Қысқыш қойылған соң кіндік айналасын бриллиант жасылымен немесе сутегі асқын тотығымен өңдейді
- 3) Хирургиялық араласу. Кіндіктің өздігінен түсуін күтпей-ақ, оны скальпелмен кесіп тастау.

Менің ойымша кіндің айналасын антисептиктермен өңдеу дұрыс сияқты. Өйткені кіндікдің таза болуын қамтамасыз етеді.



Қорытынды

Қозғалыс белсенділігі, ауруға қарсы тұру, дұрыс тыныс алу, жүрек бұлшық еттерінің жұмысы, зат алмасу, еңбек пен демалысты ұштастыру және рационалды тамақтандыру осы факторларды дұрыс орындау, болашақ ұрпақтарымыздың денсаулығын нығайтуға бағытталған іс-шаралар болып табылады.



□ Пайдаланылған әдебиеттер

- Б.Х.Хабиджанов ПЕДИАТРИЯ 2005
- Б.Түсіпқалиев Педиатриядағы мейірбикелік іс 2011
- Е.Т. Дадамбаев Бала дәрігерінің серігі 2011
- kazmedic.kz
- www.google.com

